

Ересек топ		ЦИКЛОГРАММА			
Апта нөмірі		№5			
Күндері		27.09 - 01.10.2021			
Өтпелі тақырыптың атауы		Қош келдің, Алтын күз! / Золотая осень / Gold autumn			
Мекеменің атауы, тобы		« Бөбек лүпілі» жекеменшік балабақшасы Ересек «Балауса» топ			
Педагогтің аты-жөні		Бекишева М.А.			
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау, көңіл-күйлерін сұрау, дене қызуын тексеру және гигиеналық талапты тексеру. Ата-аналармен әрбір баланың оқу қызметіне дайындығы және оқу қызметіне керекті заттар жайлы әңгімелесу.				
Ата-аналармен әңгімелесу.					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсаты: балаларды жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды және оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.	"Біздің шкафта тәртіп бар". Мақсаты: балаларды сыртқы киімге арналған шкафта заттарды бүктеу кезінде дәлдікке үйрету.	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсаты: балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуыңыз, кезекшінің киімін киіңіз, үстелді дұрыс қойыңыз. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалаңыз. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтаудағы ретсіздікті көре білу.	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсаты: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды және ұқыптылыққа үйрену. Еңбекке баулу.	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсаты: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіпті көре білуге. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуге үйрету.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	Құрылыс ойындары "Жануарларға арналған балабақша", "қуыршақтарға арналған үй".	Дидактикалық ойын «Қасқырдан құтқар». Мақсаты: тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Балалардың назарын үстел үстіндегі ойыншықтарға (үй жануарлары мен қасқырдың нақпішініне) аударады. Әр үй жануарын қасқырдан құтқару үшін ол туралы өлең, жұмбақ, жаңылтпаш айту керектігін түсіндіреді.	«Ғажайып қоржын» дидактикалық ойыны Ойынның шарты: ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар: ойыншықтар, оқу құралдары бар, сол заттардың ішінен оқу құралдарын бір бөлек, ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек. Оқу құралдар мен ойыншықтарды бөлек жинайды.	Дидактикалық ойын "Ғажайып нүктелер". «Ғажайып нүктелер» арқылы қарлығаштың суретін салады. Нүктелерді қосып, қарлығаштың суретін шығарады.	Суреттерді бояу, беттерін де бояу. Мақсаты: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар - Ал, балалар тұрайық, (орындарынан тұрады) Мойынымызды бұрайық (мойындарын екі жаққа алма-кезек бұру) Қолымызды созайық, су ішінде қалықтап (қолдарын созып суда жүзгендей жүзеді) Қане, жүзіп алайық, Оңға, солға бір қарап, денемізді бұрайық.(оңға, солға бұрылады)				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Ас ісуге тұрайық Қолымызды жуайық Сабын, суды аямай Тазалықты ұғайық				
Ойындар,	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				

ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	«Қылқалам ханшасы». Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Өнұранын шырқау.	«Тілек тілеу». Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! (Шеңбер құрып, қайталайды). Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу.	- Сәлем, саған, ыстық жерім! Сәлем, саған, туыс елім! Ыстық маған ошақ үйім, Домбыраның қоңыр күйі! Бір-біріне жылудық сыйлап, достық туралы, топтың ережесі туралы әңгімелесу.	- Қайырлы таң, Алтын күн! Қайырлы таң, Жер Ана. Аман болсын, достарым, Аман болсын, ата-анам. Алтын күз жайлы әңгімелесу.	Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын. Жапырақтар туралы әңгімелесу.
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Күз туралы тақпақты құрастыру". Мақсаты: балаларда тақпақ, өлең туралы негізгі ұғымдар қалыптастыру, көркем сөз үлгісінің қара сөзден айырмашылығын таныту; "күз мезгілі" ұғымына жататын табиғаттағы өзгерістері, құбылыстарды пысықтау. <i>Жаттымақ жаттығуы. "Күз суық, сары көйлекті".</i> Сурет салу "Күзгі саябақтағы жапырақтардың түсуі". Мақсаты: балаларды жапырақ пішінін қою бояумен бояп, қағаз бетіне бедерін басу техникасымен таныстыру; жапырақтың бетіне күздің ашық бояуларына араластырып бояп, қағаз бетіне басып, жапырақтың нақтылы ізін қалдыруға дағдыландыру. <i>Дамытушы жаттығу. "Бұл қандай ағаштың жапырағы?".</i> Дене шынықтыру "Саршұнақтай жылдам болайық". Мақсаты: балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру. <i>"Саршұнақ" қимылды ойыны.</i>	Музыка "Күз". Мақсаты: балаларды күз туралы өнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; өннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін арттыру. <i>Дидактикалық ойын: "Балақан да алақан".</i> Математика негіздері "Күзгі жапырақтар шоқтары". Мақсаты: балалардың заттардың бірден төртке дейінгі сандарға сәйкес жиындар жөніндегі түсініктерін қалыптастыру. <i>Дамытушы жаттығу. "Күзгі бояу".</i> Орыс тілі "Время года. Осень". Цель: развивать у детей понятие "осень", "листопад"; объяснить значение слов "золотая осень"; формировать основные представления о словах, отвечающих на вопросы "Кто? Что?", именах существительных, а также о глаголах, словах, отвечающих на вопросы "Что делает?"; расширять знания о природных явлениях осенью. Вариативті компонент. <i>Көркем әдебиет</i> <i>Ұлттық ойындар</i>	Көркем әдебиет "Алтын күз". Мақсаты: балаларды "Алтын күз" өлеңінің мазмұнымен таныстыра отырып, тақпақты мұқият тыңдауға үйрету. <i>Дидактикалық ойын: "Жапырақтарды ажырат".</i> Дене шынықтыру "Күздің қызықтары". Мақсаты: балаларды жүруді секірумен кезектестіруге үйрету; басқа қап қойып, заттарды аттап өтуге үйрету. <i>"Басына қап қою" қимылды ойыны.</i>	Құрастыру "Саңырауқұлақтар әлеміне саяхат". Мақсаты: балаларды жасымықтан саңырауқұлақтың қалпақшасын, қарақұмықтан саңырауқұлақтың түбіртегін, құрмадан саңырауқұлақ орналасқан шөпті құрастыруға үйрету. Музыка "Күзге ән арнайық". Мақсаты: балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; өнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету. <i>"Төмен және жоғары дыбыстар" музыкалық-дидактикалық ойыны.</i> Жаратылыстану "Алтын жапырақ". Мақсаты: балаларды күз маусымының өзгерістерімен таныстыру. <i>Дидактикалық ойын: "Жапырақтарды түсіне қарай топта".</i> Вариативті компонент. <i>Сөйлеуді дамыту</i> <i>«Өнерлі екен он саусақ»</i>	Мүсіндеу "Саңырауқұлақтар". Мақсаты: екі бөлшектен тұратын заттарды, оларға тән пішіндерін бере отырып , сомдай біліктерін нығайту; жұмыс кезінде қырнауышты дұрыс пайдалануға үйрету. Дене шынықтыру "Күзгі жолдар үстіндегі ойындар". Мақсаты: балаларды кіші және үлкен қадаммен жүгіру; тақтайда көлденеңінен еңбектеуге үйрету. <i>"Көңілді еңбекте" қимылды ойыны.</i>

Серуен	Қылқанжапырақты ағаштарды бақылау (шырша, қарағай) Жұмбақ. Қысы-жазы бір түсте. (Шырша) Бақылау: балабақша алаңында өсетін қылқанжапырақты ағаштарды танып білу (2 түрі қылқан жапырақты қарағай және шырша). Сыртқы бейнелеріне қарап: қарағай – ұзын инелері бар, шыршаларға қарағанда ашық түсті; шырша – инелері қысқа және онша ашық түсті емес. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Қимылды ойын «Бос орын». Жүгіру, жүру, секіру сияқты жаттығуларды бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау. Еңбек: құстарды тамақтандыру. Табиғат бұрышының мекендеушілерін тамақтандыру. Өз бетімен ойындар: өз бетінше ойнай білу қабілетіне тәрбиелеу.	Бұтақтарды бақылау (итмұрын, сирень, қара жемісті шетен, мойыл). Жұмбақ. Өсімдіктің тікенегіне байланысты аталған. Жемісін жұлып алсаң, тікені қолыңа кіреді. (Итмұрын) Онан көз ашиды, жапырақтары өткір, шұбар келген. (Шетен ағашы) Бақылау: сыртқы белгілерге қарап бұталардың 2-3 түрін танып білу; оларды ағаштардан айыру. Табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Белгіні тыңда». Ойын ережелеріне бағынуын, жауапты орындай білуін дамыту. Еңбек: ағаштардың түбін қопсыту. Жолдастары мен ересектерге көмек көрсетуге тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: «Қайық ойыны». 2-3 рөлді қосатын бірлескен ойындарға қатысу, бір-бірімен өзара әрекеттесуді дамыту.	Жеміс ағаштарын бақылау. Тақпақ. Жеміс біткен бау-бақша, Жемін жайды жан-жаққа. Бақта құстар сайрады, Құйқылжытып сан-саққа. Қолға ап бақша құралын, Суды атызға бұрамын. Ағаш түбін қопсытып. Арам шөпті жұламын. Бақылау: ағаштардың түстерінің өзгеруін, өсуін көру, жемісін бақылау (ранетки). Жасыл, піспеген жемісті жеуге болмайды, тек піскен жемісті жеу керек екенін түсіндіру. Қимылды ойындар: «Қоян мен қасқыр». Мәтіннің сөздігімен сәйкесінше әрекетті жасау білімділігін бекіту, ойынды дабылдың қағысымен бастау. Алаңның бойымен қозғалу. Еңбек: «Құм салғыштан шашылған құмды жинастыру» Топ алаңындағы құмды өз ынтасымен жинастыруға үйрету; тазалыққа және ретке келтіру әдетін қалыптастыру. Өз бетімен ойындар: тақырыпқа берілген ойынды жүргізу. Шығармашылық сезімдерін ояту. Ұстамдылығы мен ойынға деген қызығушылығын дамыту. Жемістер мен көкөністер туралы білімдерін бекіту.	Торғайды бақылау Мақсаты: торғайдың пайда болу ерекшеліктері, өмір көріністері туралы білімді тереңдету; балалардың назары мен жадын белсендіру. Бақылау барысы: - Торғай қандай? - Ол немен қоректенеді? - Қалай ән айтады? Торғай - кішкентай құс. Торғайдың артқы жағы қоңыр, қара жолақтары бар. Құйрығы мен қанаттары қара қоңыр, иек пен тамағы қара, бірақ басы сұр. Торғай - епті құс, қорықпай секіреді, үгінділер, тұқымдар, дөңдер алады. Ол барлық жерде адамның әдеттеріне жақсы бейімделеді. Торғай "шиқ-шиқ" деп ән салады. Еңбек: балабақша бақшасындағы арамшөптерді жұлға үйретіп, арамшөптердің түріне қарай ажырата білу қабілетін бекіту. Өз бетімен ойындар: ашық ойындары-қозғалыс бағытын өзгерте отырып, сигнал бойынша жылдам қозғалуға үйрету. "Допты ұстаңыз" - допты лақтыру және ұстау дағдыларын екі қолмен бекітуді жалғастырыңыз.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. Ауа райын бақылау Бақылау: бірінші күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр аспан, бұлыңғыр, бұлттың көшуі, күннің көзінің сирек шығуы, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Табиғатты сүюге баулу. Қимылды ойын: «Қыз қуу» (қазақ халқының ұлттық ойыны). Балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару. Еңбек: гүлдерден гүлшоғын жасау. Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу. Өз бетімен ойындар: «Сүйікті ойыншықтармен ойнау». Қуанышты жағдайларға қол жеткізуге жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына жағдай жасау.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф серелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-біртеlep тұрғызу, шынығу процедуралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру; Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				

Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	Сюжеттік-рөлді ойын: «Шаштараз». Мақсаты: балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу.	"Жүгіріп қағып ал" қимылды ойыны. Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады (қашықтығы 1,5-2 м). Тәрбиеші «Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!» - деп допты лақтырады да өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер,» - дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап, қойып жүреді. Қалған балалар соңына еріп жүреді.	Дидактикалық ойын "Басқаша айт". Мақсаты: жалпылама ұғымдарды бекіту (мұғалім балаға допты лақтырып, жалпы ұғымды атайды, бала допты кері лақтырады және түр ұғымын атайды: ойыншық-қуыршақ, жиһаз-үстел)	Театрды сахналау. "Қызыл телпек" ертегі желісін маскамен сахналау.	«Балықшы». Мақсаты: алған білімдерін тиянақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Көрнекіліктер: аквариум суреті, балықтар. Ойынның барысы: балалар суреттегі аквариумнан балықтарды аулап алады да, балық қандай түсті екендігіне айтады.
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау.	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау.	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау.	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау.	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау.
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Алтын күз" тақырыбында жеке әңгімелесулер.				
Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	«Әдемі кілемшелер». Ойынның мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.	Жаңылтпаш жаттайық. 1) Доп деп, Дөп теп. 2) Қапыда ит қапты, Қатты қапты, Қапты қатты. 3) Қырқада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марка арқар бар.	Кел, жазайық. Мақсаты: тиянақтылыққа, көркем жазуға, қалам ұстауға үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі.	Артикуляциялық жаттығу. 1) Ара болсаң, ызыңда З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж Жұмыс істе, тығылма. - Ара қалай дыбыстайды? (з- з-з) - қатты\жай 2) «Зе-зе-зе, зе-зе-зе – бұл шынылы терезе», «За-за-за, за-за-за – үйдің іші тап-таза», «Зу-зу-зу, зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу», «Са-са-са, са-са-са – ызыңдайды маса.	10-ға дейін кері қарай санауды бекіту. Геометриялық денелерді дұрыс атап, ажырата білуге үйрету.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Жеке бас гигиенасының басты ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарында әңгіме жүргізу.	«Отбасымен серуендеу» атты тақырыбында көрме ұйымдастыру.	Жоба: "Жомарт күз" атты тақырыпта көрме ұйымдастыру.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	"Баланың серуенін қалай ұйымдастырамыз" тақырыбында ата-аналарға кеңес.